

**Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы  
"Ерейментау қаласы, агротехникалық колледжі" МҚҚҚ қызметкерлеріне  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы  
бұзу фактілері немесе мүмкін болатын бұзушылықтар туралы хабарлау  
ТӘРТІБІ**

## **Мазмұны**

1. Жалпы ережелер 3 бет
2. Қысқартулар мен белгілер 3 бет
3. Терминдер мен нарықтамалар
4. Жұмыс берушіні қызметкерлердің жағдай туралы хабардар ету тәртібі.  
оларды сыйбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауға итермелей 4 бет
5. Сыйбайлас жемқорлық фактісінанықтау кезіндегі іс-  
қимылтәртібі қызметкерлердің оларды жүзеге асыру кезіндегі құқық  
бұзушылықтары кәсіби қызмет 5 бет
6. Қорытынды ережелер беттер
7. 1 қосымша 7 бет
8. 2 қосымша 8 бет
9. 3 қосымша 9 бет

## **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Жұмыс беруші қызметкерлерінің оларды сыйбайлас жемқорлық бұзушылықтарды жасауға итермелуе жағдайлары туралы хабардар ету тәртібі (бұдан әрі- Тәртіп) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы, «2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 31 мамырдағы қаулысы және Ақмола облысы білім басқармасының жаңындағы «Ерейментау қаласы, агротехникалық колледжі» МКҚК (бұдан әрі –Колледж) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты 25.06.2024ж.

1.2. Осы тәртіп жұмыс берушіні коллеж қызметкерлері оларды коллежде сыйбайлас жемқорлық бұзушылықтарды жасауға итермелуе жағдайлары туралы хабардар ету тәсілін айқындайды.

1.3. Осы тәртіп қызметкерлердің кәсіптік қызметті жүзеге асыруы кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісіна нықтаған кездегі іс-қимыл тәртібін белгілейді.

## **ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР**

Сыйбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе дедалдар арқылы өздері үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктермен артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалануы немесе үшінші тұлғаларға, сол тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру ("Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 1 бабы, 6-тармағы);

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептермен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашужәне тергеп-

тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктер ішегіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі ("Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Занының 1-бабы, 9-тармағы);

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық—занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілерібар құқыққа қарсықінәлі іс-әрекет(әрекет немесе әрекетсіздік);

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелі—сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу—сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шараптар жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі ("Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Занының 1-бабы, 13-тармағы).

Пара—лауазымды адамның жеке өзі немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаздар, өзге де мулік атуы немесе оған муліктік сипаттағы қызметтерді зансыз көрсету, пара берушінің немесе ол өкілді кететін адамдардың пайдасына іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны үшін өзгеде муліктік құқықтар беру түрінде, егер мұндай іс-әрекеттер (әрекетсіздік) лауазымды адамның қызметтік өкілеттігі некірсе немесе егер ол лауазымдық жағдайдың күші ондай әрекеттерге(әрекетсіздікке), сондай-ақ қызметтегі жалпы қамқорлыққа немесе салғырт қарауға ықпал етуі мүмкін.

## **ЖҰМЫС БЕРУШІНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ОЛАРДЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАУҒА ИТЕРМЕЛЕУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ**

2.1. Колледж қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелей мақсатында қандайда бір адамдар оларға жүгінген барлық жағдайлар туралы жұмыс берушіні дереуhabardar етуге міндетті.

2.2. Қызметкер іс-сапарда, демалыста, жұмыс орнынан тыс жерде болған жағдайда, ол жұмыс берушіні жұмыс орнына келген сәттен бастап, дереуhabardar етуге міндетті.

2.3. Колледж қызметкерін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеген мақсатында өтініш жасау фактілері туралы жұмыс берушіні хабардар ету (бұдан әрі –хабарлама) оны сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін жауапты тұлғаға беру жолымен немесе пошта арқылы хабардар ету жолымен, жазбаша жүзеге асырылады.

2.4. Хабарламада көрсетілуге жататын мәліметтер тізімі(№1 қосымша):

- хабарламаны жіберген адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, тұрғылықты жері және телефоны;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға байланысты колледж қызметкеріне жүгінген мән-жайлардың сипаттамасы (күні, орны, уақыты, басқа да шарттары);
- колледж қызметкері өзіне жүгінген адамдардың өтініші бойынша жасауы тиіс сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы толық мәліметтер;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелейтін жеке (занды) тұлға туралы барлық белгілі мәліметтер;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеген мән-жайлары, сондай-ақ адамның сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау туралы ұсынысын қабылдаудан бас тарту(келісім)туралы ақпарат.

2.5. Барлық хабарламалар арнайы журналда міндепті түрде тіркеуге жатады (№2 қосымша). Колледже журнал жүргізу міндепті сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адамға жүктеледі.

2.6. Алынған мәліметтердің құпиялышының жұмыс беруші және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға қамтамасыз етеді.

2.7. Анонимді хабарламалар қарауға қабылданбайды.

#### **ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСПІТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҰЗЕГЕ АСЫРУЫ КЕЗІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ФАКТИСІН АНЫҚТАҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ ТӘРТІБІ**

3.1. Қызметкер өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде білім алушылардан, кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналарынан (занды өкілдерінен), өзге де жеке немесе занды тұлғалардан материалдық пайда алуды талап ететін факті анықталған кезде, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия шақырылады.

3.2. Тиісті өтініш сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның отырысында қаралады.

3.3.Осы фактіні қарау жөніндегі комиссияның отырысы фактандықталған күннен кейінгі күннен кешіктірілмейтін мерзімде тағайындалады.

3.4.Колледж қызметкерінің білім алушылардан, кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналарынан (занды өкілдерінің), өзге де жеке немесе занды тұлғалардан талап ету фактілері және немесе материалдық пайда алу фактілері туралы өтініші арнайы журналда тіркеледі (№3қосымша).

3.5.Өтінішті қарау нәтижелері бойынша комиссия қызметтік тергеу жүргізу туралы шешім қабылдайды.

3.6.Өтініш тек өрсетілуге жататын мәліметтер тізімі:

-өтініш жіберген адамның тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты мекен-жайы және телефоны;

-Колледж қызметкерінің материалдық пайда алу немесе талап ету фактісі туралы белгілі болған жағдайлардың сипаттamasы;

- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың тәсілімен мән-жайлары.

3.7.Алынған мәліметтердің құпиялышының жұмыс беруші және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға қамтамасыз етеді.

3.8.Анонимді хабарламалар қарауға қабылданбайды.

3.9.Колледж колледже (колледж қызметкерлеріне) белгілі болған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайлар туралы тиісті құқық қорғау органдарына хабарлауға өзіне жария міндет алады.

## **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1.Осы Тәртіп білім беру үйімі қызметкерлерінің бастамасы бойынша да, колледж басшылығының бастамасы бойынша да қайта қаралуы мүмкін.

4.2.Осы Тәртіпке жергілікті актілерді қабылдау рәсімін сақтауға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

4.3.Осы Тәртіп 25.06.2024 ж.бастап күшіне енеді.

№1 қосымша

"Ерейментау қ, гротехникалық  
колледж," МКҚК басшысы  
басшының Т.А.Ә.  
кімнен: қызметкердің Т.А.Ә.,  
(тұрғылықты жері, телефоны)

Қызметкерді сыйайлас жемқорлық әрекеттеріне итермелебеу мақсатында  
жүгіну фактісі туралы  
**хабарлама**

Мен бұл туралы хабарлаймын:

1. \_\_\_\_\_  
(сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелебеу мақсатында  
қандайда бір адамның қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты  
қызметкерге жүгіну жағдайлары туралы белгілі болғанмән-жайлардың  
сипаттамасы) (куні, орны, уақыты, басқа да шарттары)
2. \_\_\_\_\_  
(өтініш білдірген адамдардың өтініші бойынша қызметкер жасауытис сыйайлас  
жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы толық мәліметтер)
3. \_\_\_\_\_  
(сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелейтін жеке (занды) тұлға  
туралы барлық белгілі мәліметтер)

---

(қолы)(аты-жөніжәнетегі)(куні)

№2 қосымша

Жұмыс берушіні қызметкерлері оларды сыйайлас жемқорлық бұзушылықтар  
жасауға итермелеген жағдайлары туралы хабарламаларды  
**тіркеу журналы**

№п/ п	Тіркеу күні	Хабарламашы туралы мәліметте р Т.А.Ә. лауазымы	Хабарламаның қысқаша мазмұны	Тексеружүргіз утуралышешім(к үні, нөмірі)	Тексерунәтиж елері бойынша қаб ылданғаншешім
1	2	3	4	5	6

№ 3 қосымша

"Ерейментау қаласы, агротехникалық колледжі" МҚҚК  
сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштерді  
**тіркеу журналы**

№п /п	Тіркеу күні	Хабарламашыт уралымәліметтер Т.А.Ә. телефон номері мекен жайы	Хабарламаның қысқаша мазмұны	Тексеружүргіз утуралышешім(к үні,нөмірі)	Тексерунәтиж елерібойынشاқаб ылданғаншешім
1	2	3	4	5	6